

		Процедуралық құжаттар	
		<i>Екінші деңгейдегі банктердің заемшыларын ерікті сақтандыру ережесі</i>	
PD-23-544	3 редакция	«9» маусымнан 2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі	Негізгі бет

«KM Life» ӨСК» АҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 БЕКІТІЛДІ
 «22» 02.2022 ж. № 11 хаттама
 (1 редакция)
 «KM Life» ӨСК» АҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 БЕКІТІЛДІ
 «28» 04. 2023 ж. №17 хаттама
 (Өзгерістер мен толықтырулар)
 «KM Life» ӨСК» АҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 БЕКІТІЛДІ
 «25» 11.2025 ж. №56 хаттама
 (2 редакция)
 «KM Life» ӨСК» АҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 БЕКІТІЛДІ
 «18» 03.2026 ж. №15 хаттама
 (Өзгерістер мен толықтырулар)
 «KM Life» ӨСК» АҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 БЕКІТІЛДІ
 «09» 06.2026 ж. №31 хаттама
 (3 редакция)

Екінші деңгейдегі банктердің заемшыларын ерікті сақтандыру ЕРЕЖЕСІ

Бұл электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады және ақпараттық мақсатта пайдаланылады. Құжаттың осы көшірмесін растау қажет болса, БК хабарласыңыз.

Бұл құжат «KM Life» ӨСК» АҚ меншігі болып табылады. Бұл құжатты ұйымнан тыс шығару Компания басшысының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

Алматы қаласы
2026

Мазмұны

1-тарау. Негізгі ережелер	3
2-тарау. Анықтамалар мен терминдер	3
3-тарау. Сақтандыру шартының мәні. Сақтандыру объектісі	4
4-тарау. Сақтанушы	4
5-тарау. Сақтандырылушы	4
6-тарау. Пайда алушы	4
7-тарау. Сақтандыру жағдайы	4
8-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі	5
9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі	5
10-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	6
11-тарау. Сақтандыру жағдайларындағы ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу	6
12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	8
13-тарау. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі және орны	10
14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	10
15-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері	11
16-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	11
17-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі	13
18-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату және оның әрекетсіздігі	14
19-тарау. Дауларды шешу тәртібі. Қосымша талаптар	15

1-тарау. Негізгі ережелер

1. Екінші деңгейдегі банктердің заемшыларын ерікті сақтандырудың осы ережесі (бұдан әрі мәтін бойынша – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АҚ), Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және «KM Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерік қоғамында екінші деңгейдегі банктердің заемшыларын ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – сақтандыру шарттары) жасасу тәртібін анықтайды.

2-тарау. Анықтамалар мен терминдер

2. **Пайда алушы** – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

3. **Госпитализациялау** – Сақтандырылушының жедел медициналық көрсеткіштер бойынша стационарда емдеуде болуы.

4. **Қарыз шарты** – кредитор мен заемшы арасында қарыз беру кезінде жасасылатын келісім.

5. **Сақтандыру шарты** – оған сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенетін, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттетін шарт.

6. **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің заемшылары болып табылатын тұлға.

7. **Мүгедектік** – ағза қызметтерінің тұрақты бұзылуынан денсаулығының бұзылуы салдарынан адамның тіршілік әрекетінің шектелу деңгейі.

8. **Сақтандырушының интернет-ресурсы** - <https://www.kmlife.kz>.

9. **Мобильді қосымша** – ұялы байланыс абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс және интернет желісі арқылы электронды нысанда көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік беретін бағдарламалық өнім, бұған интернет-ресурстарды қарап шығу, өндеу және бейнелеу үшін пайдаланылатын браузерлер кірмейді.

10. **Жазатайым жағдай** – Сақтандырылушының денесіне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсерлердің салдарынан денсаулыққа зиян келтіретін, жарақаттануды немесе өлімді қоса алғанда, адамның еркіне қайшы келетін, адамның еркінен тәуелсіз іс жүзінде кенеттен туындаған, қысқа мерзімді уақиға (оқиға). Жазатайым жағдайға жіті, созылмалы және тұқым қуалайтын аурулардың кез келген нысандары жатпайды (оның ішінде: инфаркт, инсульт және тұқым қуалайтын патология немесе аурудың дамуы нәтижесіндегі патологиядан туындаған ағзалардың кенеттен болған басқа зақымданулары), анафилактикалық шок, сондай-ақ инфекциялық аурулар, тағамдағы токсикоинфекция (сальмонеллез, дизентерия және т.б.).

11. **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан жеке, заңды тұлға, жеке кәсіпкер.

12. **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы.

13. **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушы Сақтандырушыға оның сақтандыру жағдайы басталған Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін төлеу міндетін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

14. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

15. **Сақтандыру жағдайы** – оның басталуымен сақтандыру шарты сақтандыру шартының талаптарында қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын оқиға.

16. **Сақтандырушы** – «KM Life» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы.

17. **Жарақаттар жөніндегі кесте** – сақтандыру шартына қосымша болып табылатын және жарақаттар мен олар бойынша «Сақтандырылушының сақтандыру шартының қолданыс мерзімінде жарақаттар жөніндегі кесте бойынша алған жарақаты» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру шартында белгіленген проценттік ара қатынаста олар бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшері туралы ақпараттар мазмұндалған, кесте нысанындағы мәліметтер.

18. **Нақты берешек** – төленбеген негізгі қарыздың кредитор қарыз шартына сәйкес есептеген

проценттерсіз, кредиттік мәмілені қолдау үшін сыйақысыз, айыппұлдарсыз, тұрақсыздық айыбынсыз сомасы.

19. **Электронды терминал** – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру не қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру операцияларын не шет елдік валютаны ауыстыру операцияларын не операциялардың басқа түрлерін жүзеге асыру, сондай-ақ тиісті растаушы құжаттарды қалыптастыру үшін тағайындалған электронды-механикалық құрылғы.

3-тарау. Сақтандыру шартының мәні. Сақтандыру объектісі

20. Сақтандыру шартына сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімде төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және талаптарда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

21. Сақтандыру объектісі болып жазатайым жағдайдың немесе аурудың салдарынан Сақтандырылушының денсаулығына және/немесе өміріне зиян келтірумен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына кереғар келмейтін мүліктік мүдделері табылады.

4-тарау. Сақтанушы

22. Сақтанушылар жеке немесе заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер (Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері) болуы мүмкін.

5-тарау. Сақтандырылушы

23. Егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, жасы сақтандыру шартын жасасу сәтіне 63 жастан аспайтын жеке тұлға Сақтандырылушы бола алады.

24. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарттары мыналарға қатысты жасалмайды:

- 24.1. тұрақты жүйке немесе психикалық бұзылулардан зардап шегетін және осы мәселе бойынша психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар;
- 24.2. I топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 24.3. II топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- 24.4. орталық жүйке жүйесінің аурулары бар адамдар: ми қан айналымының жедел бұзылуының салдары;
- 24.5. кез келген мақсатта есірткі немесе улы заттарды пайдаланатын адамдар, сондай-ақ алкогольизм, нашақорлық, уытқұмарлықтан зардап шегетін адамдар.

25. Осындай шарт жасалған сәттен бастап жарамсыз болып табылады, ал төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатады.

26. Сақтандыру шарттары сонымен қатар, Сақтандырушының қалауынша басқа негіздемелер бойынша жасасылмауы мүмкін.

6-тарау. Пайда алушы

27. Егер Сақтандырылушы Пайда алушы болып табылмаса, онда Пайда алушы Сақтандырылушының жазбаша келісімі бойынша сақтандыру шартында көрсетілуі арқылы тағайындалады.

7-тарау. Сақтандыру жағдайы

28. Сақтандыру шарты төмендегідей сақтандыру жағдайларынан тұруы мүмкін:

- 28.1. Сақтандырылушының кез келген себептен қайтыс болуы;
- 28.2. Сақтандырылушының жазатайым жағдайдан басқа себептен қайтыс болуы;
- 28.3. Сақтандырылушының жазатайым жағдайдың салдарынан қайтыс болуы;
- 28.4. Сақтандырылушыға кез келген себеп бойынша I-топ мүгедектігінің тағайындалуы;

- 28.5. Сақтандырылушыға кез келген себеп бойынша 2-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.6. Сақтандырылушыға кез келген себеп бойынша 3-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.7. Сақтандырылушыға жазатайым жағдайдан басқа себеп бойынша 1-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.8. Сақтандырылушыға жазатайым жағдайдан басқа себеп бойынша 2-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.9. Сақтандырылушыға жазатайым жағдайдан басқа себеп бойынша 3-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.10. Сақтандырылушыға жазатайым жағдайдың салдарынан 1-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.11. Сақтандырылушыға жазатайым жағдайдың салдарынан 2-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.12. Сақтандырылушыға жазатайым жағдайдың салдарынан 3-топ мүгедектігінің тағайындалуы;
- 28.13. Сақтандырылушының сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде сырқаттануы себепті және/немесе жазатайым жағдайдың салдарынан еңбекке уақытша жарамсыз болуы;
- 28.14. Сақтандырылушының сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде Жарақаттар жөніндегі кестеге сәйкес жарақат алуы;
- 28.15. Сақтандырылушының пациенттің өміріне тікелей қауіп төніп тұрғанда және медициналық көмек дереу көрсетілуі тиіс кезінде шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша госпитализациялануы.

29. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері болуға тиіс.

30. Сақтандыру жағдайы тек ол сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде басталса және Сақтандырушы ол туралы уақтылы және тиісті сипатта хабарланған болса ғана, сақтандыру жағдайы деп танылады. Ереженің 11-тарауында көрсетілген жағдайлар бойынша орын алған оқиға сақтандыру жағдайы болып табылмайды.

31. Сақтандыру жағдайының басталуын дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға/ Пайда алушыға) жүктеледі.

32. Егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырылушыға Ереженің 28.1. – 28.15.-тармақшаларында қарастырылған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдері Пайда алушыға Ереженің 26.1. – 26.15.-тармақшаларында қарастырылған, ең бірінші болып басталған сақтандыру жағдайларының біреуі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін, одан кейін аталған Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру шарты өзінің әрекетін тоқтатады.

8-тарау. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі

33. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша анықталады және сақтандыру шартында белгіленеді.

9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі

34. Сақтанушы немесе Сақтанушының нұсқауы бойынша басқа тұлға сақтандыру сыйлықақысын қолма-қол ақшасыз төлеммен Сақтандырушының банктегі шотына аударады. Егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні болып ақшаның толық көлемінде Сақтандырушының шотына келіп түсу күні саналады. Сақтанушы оның сақтандыру сыйлықақысын төлегенін растайтын құжаттарды сақтауға және оларды Сақтандырушының талабы бойынша көрсетуге міндетті.

35. Егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, сақтандыру сыйлықақысы/ алғашқы сақтандыру жарнасы Сақтандырушының банктегі шотына сақтандыру шартында қарастырылған мерзімде толық көлемінде түспеген жағдайда, ондай сақтандыру шарты күшіне енбеген болып саналады және Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысы/ сақтандыру жарнасы келіп түскен сәтке дейін ол бойынша қандай да бір міндеттеме жүктелмейді.

36. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартында белгіленеді.

37. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде жүзеге асырылады.

10-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

38. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініші негізінде жасасылады.

39. Сақтандыру шарты ҚР АҚ 825-бабының 1-тармағында қарастырылған тәртіпте жазбаша нысанда жасасылады.

Сақтандыру шарты Сақтандырушының интернет-ресурстарын және (немесе) тиісті келісімнің негізінде Сақтандырушының серіктестері болып табылатын ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану арқылы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электронды ақпараттық ресурстарды айырбастау жолымен электронды нысанда жасасылуы мүмкін.

Сақтандыру шарты сонымен қатар, сақтандыру шарттарын электронды нысанда жасасу үшін қажетті деректерді енгізуді қамтамасыз ететін мобильді қосымшаларды, электронды терминалдарды пайдалану арқылы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электронды ақпараттық ресурстарды айырбастау жолымен электронды нысанда жасасылуы мүмкін.

Сақтанушы мен Сақтандырушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) арасында электронды ақпараттық ресурстарды айырбастау тәртібі, сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптар уәкілеті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерінде анықталады.

40. Сақтандырушының интернет-ресурстарын және (немесе) тиісті келісімнің негізінде Сақтандырушының серіктестері болып табылатын ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану арқылы сақтандыру шарттарын жасасу үшін Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде алғашқы сақтандыру жарнасын) сақтандыруға өтінішті толтырғаннан кейін, осы Ережеде қарастырылған сақтандыру талаптарымен танысып, онысымен оған ұсынылған талаптарда осы сақтандыру шартын жасасуға өзінің келісімін растаған соң төлейді.

41. Ережеде мазмұндалған және сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген талаптарды тараптар орындауға міндетті.

42. Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оған оның телнұсқасын береді.

43. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру шарты жасалған кезден бастап жарамсыз деп танылуы мүмкін.

44. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыруға өтініште Сақтанушыға белгілі, сақтандыру жағдайының басталу болжалдылығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелі) болжалды залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар жағдайлар туралы хабарлауға міндетті.

45. Маңызды болып кез келген жағдайда Ережеде немесе Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу сәтінде Сақтанушыға жолдаған жазбаша сұранысында ескертілген жағдайлар, оның ішінде, сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті құжаттарда көрсетілген мәліметтер танылады.

46. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы, сондай-ақ сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның (сақтандыру тәуекелінің) басталуынан ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, егер бұл мән-жайлар белгілі болмаса және сақтандырушыға белгілі болмауы керек, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануға құқылы.

47. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыруға өтініш, сондай-ақ сақтандыру шартына кез келген қосымшалар және Ережеде ескертілген басқа құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын болады.

48. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушыға (оны талабы бойынша) Ереженің көшірмесі ұсынылады (жөнелтіледі).

11-тарау. Сақтандыру жағдайларындағы ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу

49. Егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырушы егер оқиға

сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде төмендегілердің салдарынан тікелей немесе жанама орын алса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

- 49.1. ВИЧ - инфекциясы және СПИД аурулары;
- 49.2. Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының қажетті қорғаныс және аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекеті;
- 49.3. Сақтанушының, Сақтандырылушының тергеу органдары, анықтау органдары немесе сот сақтандыру жағдайымен тікелей себептік байланыста болған қылмыстық іс немесе әкімшілік құқықбұзушылық құрамында белгілерін анықтаған әрекеттерді жасауы;
- 49.4. сақтандырылған адамның алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде болуы, оның ішінде: сақтандырылған механикалық көлік құралын, мопедті, мотоциклді, электр скутерін алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде басқаруы немесе басқаруды алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде болған адамға немесе осы көлік құралын жүргізуге құқығы жоқ адамға беруі;
- 49.5. өзіне өзі қол жұмсау (Сақтандырылушының өзіне қол жұмсауға әрекеттенді);
- 49.6. Сақтандырылушының өзіне қасақана дене жарақатын келтіруі
- 49.7. Сақтандырылушының қауіпті жұмыс түрлерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қасақана сақтамауы, Сақтандырылушының өртке қарсы қағидаларды және басқа да қауіпсіздік шараларын бұзуы;
- 49.8. Сақтандырылушының өзіне қасақана дене жарақаттарын салуы. Ереженің 49.2. – 49.7.- тармақшаларында аталып өткен әрекеттер соттың шешімі немесе өкімі, прокуратураның қаулысы немесе заңнамада белгіленген тәртіпте жасалған фактіні дәлелдейтін басқа құжаттардың негізінде ондай әрекеттер болып танылады;
- 49.9. Сақтандырылушының қозғалтқышы 125 см³ астам мотоциклмен немесе мотороллермен басқаруы немесе жүруі;
- 49.10. әскери әрекеттер, жаппай тәртіпсіздіктер, мемлекеттік билік органдары заңнамада белгіленген тәртіпте жариялаған төтенше немесе ерекше жағдайлар, олардың салдарлары, халықтық толқулар, ереуілдер, пандемиялар, ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті немесе химиялық зарардану;
- 49.11. террорлық актілер;
- 49.12. Сақтандырылушының спорттың экстремалдық түрлерімен айналысуы, мыналарды қоса алғанда және олармен шектелмей: құзға өрмелеу, альпинизм, парашют спорты, ан аулау, атпен жүру, автожарыстар, жүргізуші немесе қатысушы ретіндегі жарыстар, спорттың авиациялық түрлері, спорттың ұрыстық түрлері және спорттың ұрыстық түрлері бойынша жарыстарға қатысу, дайвинг, әуе шарында ұшу;
- 49.13. Сақтандырылушының этанолмен, құрамында алкоголь бар сусындармен, қатты әсер ететін (есірткілік) дәрі-дәрмектермен улануы, егер соңғысы дәрігердің нұсқауынсыз қабылданған болса, сондай-ақ мастану мақсатында қабылданған уытты заттармен улануы;
- 49.14. табиғи және техногенді сипаттағы төтенше ахуалдар, мыналарды қоса алғанда және олармен шектелмей: жердің сілкінуі, су басу, өрт, қар көшкіні, тасқын, жанартаудың атқылауы, цунами;
- 49.15. Сақтандырушыға денсаулық жағдайы, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның (сақтандыру тәуекелінің) басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар өзге де мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлау, егер бұл мән-жайлар сақтандырушыға белгісіз және белгілі болмауы тиіс;
- 49.16. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тексеруге кедергі келтіруі;
- 49.17. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде хабарламау. Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы, егер ол Сақтанушының еркіне тәуелді емес немесе сақтандыру шартымен дәлелді себептерге байланысты болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды және осы фактіні

- растайтын тиісті құжаттар ұсынылған;
- 49.18. Сақтандырылушының лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушыларға арналған әуе кемесінен басқа кез келген ұшу аппаратында ұшуы;
- 49.19. мына тұлғалардың кәсіби және/немесе еңбек қызметін жүзеге асыруы: автошабандоз, альпинист, ағаш құлатушы, құзға өрмелеуші, сүнгуір, әскери қызметші, геолог, жокей, тау шаңғысының инструкторы, сынақшы (автокөлік, ұшақ), каскадер, космонавт, кран жүргізуші, крупье, курьер (ақша жеткізу бойынша), пиротехник, қопарғыш, кәсіби спортшы, парашютшы, атом электр станциясының қызметкері, инкассация қызметінің қызметкері, құтқару қызметінің қызметкері, жыртқыш аңдарға күтім жасаушы қызметкер, спелеолог, қопару жұмыстары бойынша маман, көпір құрылысшысы, үңгіртау құрылысшысы, стюард/стюардесса, цирк мамандары: жыртқыш аңдарды үйретуші / жаттықтырушы, акробат және т.с.с, шахтер, жарылғыш заттарды өндіру және сақтау жөніндегі қызметкер, ұшу-көтеру құрамы, теңіз және өзен кемелері экипажының мүшелері, Қазақстан Республикасы қорғаныс қызметінің және құқық қорғау органдарының қызметшілері, өрт сөндіруші (өрт сөндіруге қатысушы), қару ұстауға құқығы бар қауіпсіздік қызметінің қызметкері, із кесуші/детектив, оққағар;
- 49.20. Сақтандырылушы бұрынырақ ол бойынша медициналық кеңес алуға немесе емдеу-алдын алу мекемелеріне жүтінген немесе симптомдары сақтандыру шартын жасасқанға дейін анықталған сырқаттар, мыналарды қоса алғанда және олармен шектелмей: вирусты гепатит, онкологиялық аурулар, туберкулез, тыныс демікпесі, бас-миы аурулары, жалғастырушы тіндер аурулары, II кезеңдегі және одан жоғарғы гипертониялық аурулар, стенокардия, кардиомиопатия, бүйрек жетімсіздігі, қан аурулары, диабет, миокард инфаркты, инсульт;
- 49.21. алдын ала вакцина алу арқылы болдырмауға болатын және/немесе таратушымен байланыстан кейін алдын алу карантиндік іс-шараларды бұзу құралы болып табылатын инфекциялық аурулар.

12-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

50. Сақтандырушы:

- 50.1. Сақтанушыны Ережемен таныстыруға, оған құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ сақтандыру тәртібі мен талаптарын түсідіруге;
- 50.2. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 50.3. Ережеде және сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

51. Сақтандырушы:

- 51.1. сақтандыру тәуекелін анықтау және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеу үшін мәні бар кез келген ақпаратты Сақтанушыдан сұратуға;
- 51.2. Сақтандырылушыны медициналық тексеруден өтуге жолдауға;
- 51.3. Сақтанушыдан медициналық зерттеудің нәтижелері бойынша ақпаратты сұратуға;
- 51.4. Сақтанушыдан Сақтандырылушының денсаулығы туралы және оның табысының мөлшері туралы құжатты толтыруды талап етуге;
- 51.5. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) ұсынған ақпаратты, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шартының талаптарын және шарттарын орындауын тексеруге;
- 51.6. сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін бақылау іс-шараларын жүргізуге, сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға және сақтандыру шартын оның әрекет ету мерзімінде қолдауға байланысты басқа жұмысты жасауға;
- 51.7. егер:
- 51.7.1. Сақтандырушы Ережеде белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы хабардар болмаған болса;
- 51.7.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттарды ұсынбаса, медициналық сараптамадан өтуден бас тартқанда не басқа негізделмеген талаптарды қою жағдайларында, сақтандыру төлемінен бас тартуға;

- 51.8. сақтандыру шартын Ережеде, сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда бір жақты тәртіпте бұзуға;
- 51.9. Ережеде, сақтандыру шартында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан ішінара немесе толықтай бас тартуға;
- 51.10. сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасу кезінде талап еткен және көрсеткен жағдайлардағы жалған мәліметтерді қасақана (әдейі) хабарлағаны жөнінде фактілері бегіленген жағдайда, сақтандыру шартын әрекетсіз деп тануға және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған салдарларды қолдануға құқылы. Бұл ретте аталған жағдай бойынша барлық сақтандыру төлемдері Сақтандырушыға кері қайтарылуы тиіс;
- 51.11. сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын жағдайлар туындаған кезде сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе Сақтандырушының көбейген шығындарына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы;
- 51.12. Сақтанушы Ережеде қарастырылған міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сақтандыру шартын бұзуды және аталған сақтандыру шартын бұзумен келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;
- 51.13. Сақтандырылушыны медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы куәландырған кезде қатысуға;
- 51.14. медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысымен не мемлекеттік және басқа органдардың қорытындыларымен келіспеген жағдайда, аталған қорытындыларға заңнамада белгіленген тәртіпте шағымдануға;
- 51.15. сақтандыру жағдайлары бойынша ақпараттарды тексеруге және қажет болған жағдайда, тиісті уәкілетті органдарға сұраныстар жөнелтуге құқылы.

52. Сақтанушы:

- 52.1. сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- 52.2. сақтандыру жағдайының басталу болжалдылығын және ол басталған кездегі залалдың мөлшерін бағалау үшін айрықша мәні бар оған белгілі барлық жағдайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 52.3. Сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандыруға, [сақтандыру шартына және қарыз шартымен байланысты сақтандыруға қатысты барлық](#) қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 52.4. Сақтандырушының сұранысы бойынша Сақтандырылушы денсаулығының жай-күйі туралы анықтамаларды ұсынуға;
- 52.5. сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде оған белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген жағдайлардағы айрықша өзгерістер туралы, егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына барынша әсер етуі мүмкін болса, айрықша өзгерістер туралы дереу хабарлауға;
- 52.6. [сақтандыру шартынан бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 14 \(он төрт\) күнтізбелік күн ішінде қарыз берушіні жазбаша түрде хабардар етуге;](#)
- 52.7. сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігінің өзгеруіне әсер ететін, Сақтандырылушының кәсіби қызметіндегі оған белгілі болған өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 52.8. сақтандыру жағдайларын ескерту және олардың алдын алу мақсатында қажетті шараларды қабылдауға;
- 52.9. сақтандыру шартын жасасу, оны сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде қолдаумен байланысты іс-шараларды жүргізу үшін Сақтандырушыға қажетті талаптарды қалыптастыруға;
- 52.10. сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту шараларын қабылдауға;
- 52.11. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуы ахуалдарын уақтылы және

толықтай белгілеуде қолдау көрсетуге;

52.12. егер сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Сақтандырушыға одан әрі сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін, Ереженің 28.1. - 28.15.-тармақшаларында қарастырылған оқиғалардың басталғаны туралы хабардар етуге міндетті.

53. Сақтанушы:

53.1. сақтандыру талаптарымен танысуға;

53.2. қосымша келісім ресімдеу немесе сақтандыру шартын қайта ресімдеу жолымен Сақтандырушымен келісе отырып, сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге;

53.3. сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

53.4. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

53.5. оны жоғалтқан жағдайда, сақтандыру шартының телнұсқасын алуға;

53.6. өзінің құқықтарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорғауға құқылы.

54. Сақтандырылушы:

54.1. сақтандыру шартында қарастырылған талаптардың орындалуын талап етуге;

54.2. өзінің құқықтары бұзылған жағдайда, Сақтандырушыға жүгінуге құқылы.

55. Пайда алушы:

55.1. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын анықтауға, оның ішінде, күзиретті органдарға сұраныстар жіберуге;

55.2. Сақтандырушыдан сақтандыру шартының талаптарын және оның әрекет ету тәртібін түсіндіруді талап етуге;

55.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына кереғар келмейтін басқа әрекеттерді жасауға құқылы.

56. Осы тарауда көзделген Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) және Пайда алушының құқықтары мен міндеттері толық болып табылмайды. Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) және Пайда алушының өзге де құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

13-тарау. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі және орны

57. Сақтандыру шарты сақтандыру шартында белгіленген мерзімге жасалады.

58. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда сақтандыру қорғанысының кезеңі сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне сәйкес келеді.

59. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағы сақтандыру шартының қолданылу аумағы болып табылады.

60. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырудың қолданылу уақыты тәулігіне 24 сағат.

61. Сақтандыру шартының күшіне ену талаптары сақтандыру шартымен айқындалады.

14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

62. Егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы Ереженің 16-тарауында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды алған кезден бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде, ол бас тарту себебін негіздеп дәлелдейді және егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, бұл туралы Пайда алушыға 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

63. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде жүзеге асыруға міндетті сақтандыру төлемінің мөлшері кез келген жағдайда сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауға тиіс.

64. Сақтандыру төлемі қолданыстағы салық заңнамасын ескере отырып, Пайда алушының банктегі шотына аударылады. Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу, егер аударым Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса, Сақтандырушының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасынан

тыс жерлерге сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу алушының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

65. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері сақтандыру шартымен айқындалады.

15-тарау. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері

66. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда болған оқиға туралы Сақтанушы немесе өзге де мүдделі тұлғалар дереу, бірақ кез келген жағдайда күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жазбаша немесе өзге де қолжетімді тәсілмен Сақтандырушыға хабарлауға тиіс.

67. Бұл ретте Сақтанушы немесе өзге де мүдделі тұлғалар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген зиянның түрлері мен мөлшері туралы барлық қажетті мәліметтерді хабарлауға міндетті.

16-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

68. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы Сақтандырушыға, егер бұл сақтандыру шартында көзделсе, сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын және оның себептерін, сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындауға қатысты құжаттарды ұсынуға тиіс. Егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, онда сақтандыру жағдайының түріне қарай Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

68.1. Ереженің 28.1-28.3. -тармақшаларында көзделген сақтандыру жағдайлары басталған кездегі құжаттардың тізбесі:

- 1) сақтандыру төлеміне өтініш;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Пайда алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 4) қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі / қайтыс болу туралы анықтама;
- 5) патологиялық - анатомиялық ашып қарау хаттамасының немесе сот - медициналық сарапшы қорытындысының көшірмесі (егер ашып қарау жүргізілмесе - туыстарынан ашып қараудан бас тарту туралы өтініштің көшірмесі және қайтыс болу туралы куәлік/қайтыс болу туралы анықтама беруге негіз болатын патологиялық-анатомиялық бөлімшеден немесе сот-медициналық филиалдан алынған анықтаманың көшірмесі);
- 6) Сақтандырылушының сырқаттары туралы ақпаратты қамтитын амбулаториялық картадан үзінді көшірме (бар болса);
- 7) соттың шешімі (үкімі) (бар болса);
- 8) құқық қорғау органдарының, өрт сөндірушілердің, медициналық және басқа да мекемелердің құжаттары (бар болса);
- 9) егер Пайда алушы сақтандыру төлемін алу құқығынан бас тартқан жағдайда, Пайда алушыдан бас тарту хатының түпнұсқасын (немесе Пайда алушыдан бас тарту хатының нотариат куәландырған көшірмесін) ұсыну;
- 10) егер пайда алушы мұрагерлік құқығына сәйкес айқындалатын болса, мұрагерлік құқығына кіргенін куәландыратын құжаттар;
- 11) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы (ЖКО) кезінде орын алған жағдайда, Ереженің осы тарауының жоғарыда баяндалған тармақтарында санамаланған құжаттар тізбесіне қосымша жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың көшірмесін және ЖКО схемасын, оқиға болған жерді қарап тексерудің көшірмесін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы сот қаулысын, ЖКО қатысушыларының психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйін анықтау үшін медициналық куәландыру қорытындысын, сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, сыныптауды және жағдайлардың есебін жүзеге асыратын не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын әкімшілік полиция комитетінің органдары және құқық қорғау органдары (тергеу, сот және т.б.) дайындаған басқа құжаттар;
- 12) қарыз шарты бойынша нақты берешектің болуын/болмауын растайтын құжат.

68.2. Ереженің 28.4-28.12. -тармақшаларында көзделген сақтандыру жағдайлары басталған кездегі құжаттардың тізбесі:

- 1) сақтандыру төлеміне өтініш;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Пайда алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 4) емдеуші дәрігердің қолымен және медициналық мекеменің мөрімен (бар болса) расталған ауру тарихынан үзінді көшірмелер;
- 5) медициналық мекеме берген еңбекке жарамсыздық парағы (немесе емдеуші дәрігердің қолы қойылған және медициналық мекеменің мөрі басылған еңбекке жарамсыздық парағының нотариалды куәландырылған көшірмесі);
- 6) рентгенологиялық суреттер (бар болса);
- 7) соттың шешімі (үкімі) (бар болса);
- 8) құқық қорғау органдарының, өрт сөндірушілердің, медициналық және басқа да мекемелердің құжаттары (бар болса);
- 9) Сақтандырылушының мүгедектігін белгілеуге қатысты уәкілетті мемлекеттік орган берген мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі және басқа да құжаттар;
- 10) қарыз шарты бойынша нақты берешектің болуын/болмауын растайтын құжат.

68.3. Ереженің 28.13.-тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайлары басталған кездегі құжаттардың тізбесі:

- 1) сақтандыру төлеміне өтініш;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Пайда алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 4) Сақтандырылушының еңбекке жарамсыздық парағының көшірмесі (еңбекке жарамсыздық парағы);
- 5) емдеуші дәрігердің қолымен және медициналық мекеменің мөрімен расталған ауру тарихынан үзінді көшірмелер;
- 6) Сақтандырылушының сырқаттары туралы ақпаратты қамтитын амбулаториялық картадан үзінді көшірме;
- 7) уәкілетті тұлға растаған және кредитордың мөрімен куәландырылған қарыз шартының көшірмесі;
- 8) қарыз шарты бойынша нақты берешектің болуын/болмауын растайтын құжат.

68.4. Ереженің 28.14.-тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайлары басталған кездегі құжаттардың тізбесі:

- 1) сақтандыру төлеміне өтініш;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Пайда алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 4) емдеуші дәрігердің қолымен және медициналық мекеменің мөрімен расталған ауру тарихынан үзінді көшірмелер;
- 5) медициналық мекеме берген еңбекке жарамсыздық парағы (немесе емдеуші дәрігердің қолы қойылған және медициналық мекеменің мөрі басылған еңбекке жарамсыздық парағының нотариалды куәландырылған көшірмесі);
- 6) Сақтандырылушының сырқаттары туралы ақпаратты қамтитын амбулаториялық картадан үзінді көшірме;
- 7) рентгенологиялық суреттер (бар болса);
- 8) жазатайым оқиға туралы актілер (бар болса);
- 9) соттың шешімі (үкімі);
- 10) құқық қорғау органдарының, өрт сөндірушілердің, медициналық және басқа да мекемелердің құжаттары;
- 11) Сақтандырылушының мүгедектігін белгілеуге қатысты уәкілетті мемлекеттік орган берген мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі және басқа да құжаттар;
- 12) қарыз шарты бойынша нақты берешектің болуын/болмауын растайтын құжат;

68.5. Ереженің 26.15.-тармақшасында көзделген сақтандыру жағдайлары басталған

кездегі құжаттардың тізбесі:

- 1) сақтандыру төлеміне өтініш;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- 3) Пайда алушының заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар;
- 5) растаушы құжаттардың түпнұсқалары, шоттар мен түбіртектер;
- 6) сақтандыру шартында белгіленген өзге де құжаттар;
- 7) уәкілетті тұлға растаған және кредитордың мөрімен куәландырылған қарыз шартының көшірмесі;
- 8) қарыз шарты бойынша нақты берешектің болуын/болмауын растайтын құжат.

69. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алуының себептері мен мән-жайларын анықтау, сондай-ақ сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін қажетті құжаттардың тізбесін қысқартуға немесе жоғарыда аталмаған өзге де құжаттарды талап етуге құқылы.

70. Егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар фактісі анықталған жағдайда, Сақтандырушы жетіспейтін құжаттар фактісі анықталған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) және/немесе Пайда алушыны хабардар етуге міндетті.

71. Сақтандырушы медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізсіз қорытындыларын, мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің мүгедектік туралы құжаттарды және өзге құжаттарды заңсыз беруіне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

72. Өзіне қатысты мүгедектік белгіленген Сақтандырылушы Сақтандырушының талап етуі бойынша Сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеру үшін қажетті құжаттарды (анықтамалар, қорытындылар, сырқатнамадан үзінді көшірмелер, медициналық карталар, зертханалық-аспаптық зерттеулердің нәтижелері) беруге жазбаша келісім беруге, сондай-ақ қажет болған жағдайда Сақтандырушының талап етуі бойынша және есебінен тәуелсіз сарапшылардан медициналық куәландырудан өтуге міндетті.

73. Егер сақтандыру жағдайы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орын алса, онда сақтандыру жағдайының басталу фактісін және онымен байланысты оқиғаларды растайтын құжаттар, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылуға, оның ішінде апостиль қойылуға немесе заңдастырылуға тиіс.

74. Сақтанушыда (Сақтандырылушыда) немесе Пайда алушыда Ереженің 67 - 71-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың бір бөлігі болмаған жағдайда, Сақтандырушы ұсынылған құжаттарды оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану және сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жеткілікті не сақтандыру төлемінен бас тарту үшін жеткілікті деп тануға құқылы.

17-тару. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

75. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың бірінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

76. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың осындай енгізуге келісімі болған жағдайда енгізіледі және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сақтандыру шартына қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе - Тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енді деп есептеледі.

77. Егер шарт Сақтанушыны Ережеге қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жасалса, өзгерістер жаңартылған полисті беру арқылы ресімделеді және жаңартылған полисті жасасқан күннен бастап күшіне енді деп есептеледі.

78. Ережеде көрсетілмеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі Тараптардың келісімімен айқындалады.

79. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде Сақтанушы 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыны жаңа мекенжайы туралы хабардар етуге міндетті. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушының алдыңғы орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша жіберілген кез келген хат-хабарын Тараптар орындаған (жарамды) деп санайды.

80. Егер Сақтанушының орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға хат-хабарды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген тұлғаны көрсетуге міндетті.

81. Электрондық нысанда жасалған сақтандыру шартын өзгерту туралы келісім Сақтанушының қалауы бойынша электрондық нысанда да, қағаз жеткізгіште де жасалуы мүмкін.

18-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату және оның әрекетсіздігі

82. ҚР АҚ көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:

82.1. сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан;

82.2. сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған адам қайтыс болғанда, ол ауыстырылмаған;

82.3. сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша сақтандыру тәуекелінің болуы тоқтатылған;

82.4. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, соттың сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы (қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы) шешімі заңды күшіне енген, уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдаған;

82.5. сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен ресімдеген сақтандыру полисіне енгізілген талаптар мен мәліметтер өзгертілген;

82.6. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

83. Аталған жағдайларда шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап шарт тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу екіншісін хабардар етуге тиіс.

84. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы.

85. Сақтандыру шарты осы тарауның 82-бабының көзделген жағдайлар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының осы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бөлігіне құқығы бар. Сақтандырушыны тарату кезінде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) қайтару Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

86. Сақтанушының 84-бабына сәйкес сақтандыру шартынан бас тартуы 82-бабында көзделген мән-жайларға байланысты болмаған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

87. Қарыз шартымен байланысты сақтандыру шартынан Сақтанушы болып табылатын жеке тұлға оны жасасқан күннен бастап 14 (он төрт) күнгізбелік күн ішінде бас тартқан жағдайда, қарыз беруші қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесіне және (немесе) онымен байланысты комиссияға қатысты шарт талаптарын қайта қарауға құқылы. Қайта қарау нәтижесінде қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің (комиссия мөлшерінің) мөлшері сақтандыру шартын жасасу талабынсыз осындай қарыз шарты жасалған күні қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесінен (комиссиядан) аспауға тиіс.

Қарыз берушінің (банктің) банктік қарыз шартының талаптарын қайта қарағаны туралы растау хатын немесе өзге шешімін ұсынғаннан кейін, сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды есептелген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыздан аспайтын сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтару Сақтандырушы аталған растау хатын алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Сақтанушы болып табылатын жеке тұлға қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы

міндеттемелерін (қарыз алушы ретінде) орындауына байланысты қарыз шартымен байланысты сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзу туралы Сақтанушы-жеке тұлғаның өтінішін алған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды есептелген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыздан аспайтын сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) Сақтанушы-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

88. Сақтанушы болып табылатын жеке тұлғаның қарызбен байланысты сақтандыру шартынан бас тартуы кезінде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтару Сақтанушы-жеке тұлғаның өтініші және қарыз берушінің (банктің) банктік қарыз шарты талаптарының қайта қаралғаны туралы растау хаты немесе өзге шешімі негізінде жүзеге асырылады.

89. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару сақтандыру сыйлықақысы төленген банктік шотқа жүзеге асырылады, сақтандыру сыйлықақысын аталған банктік шотқа қайтару мүмкін болмайтын жағдайларды қоспағанда.

90. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы шарт талаптарының Сақтандырушының кінәсіне байланысты орындалмауынан болған жағдайда, сақтандырушы Сақтанушының төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын оған толық қайтаруға міндетті.

19-тарау. Дауларды шешу тәртібі. Қосымша талаптар

91. Сақтандыру шарты бойынша туындайтын даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

92. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, талаптар әр түрлі оқылған жағдайда, сақтандыру шарттары Ережеде басым күшке ие болады.

93. Ережелермен және сақтандыру шартымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

94. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша қағидалардың негізінде Ереженің жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

95. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда, Ереженің мұндай ережелері Ережеге тиісінше қосымша өзгерістер енгізбестен автоматты түрде күшін жояды.

96. Осы Ереже қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Ережелердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері бір-біріне қайшы келген жағдайда ережелердің орыс тіліндегі мәтініне басымдық беріледі.